



№ 4 «Аружан» балабақшасы МКҚК консультациялық пункттің қызметінің ережесі

Осы ереже № 4 «Аружан» балабақшасының мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған отбасыларына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру туралы оның қызметінің тәртібін айқындайды.

Бұл ереже мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы негізінде әзірленді

1. Консультациялық пункттің міндеттері

- Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- Ата-аналарға консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді (заңды өкілдерге және олардың отбасына баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелеріндегі психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттырады)

2. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

- Ата-аналарды қабылдау алдын ала жасалған кесте бойынша жүргізіледі.
- Ата-аналар өз сұрауының тақырыбын хабарлайды.
- Консультативтік пунктке бару уақыты-бейсенбі және жұма күндері сағат 14.00-ден 16.00-ге дейін, өтініш берілген сұрау негізінде әкімшілік консультация өткізуге қажетті ақпаратты толық көлемде иеленетін маманды тартады.
- Ата-аналарға кеңес беруді мәселенің мәніне байланысты бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізеді
- Консультациялық қызмет көрсететін мамандар консультацияның нысандарын, құралдарын, әдістерін таңдауда дербес болады.

Ата-аналармен топтық сабақтардың жиілігі айына 1 рет ата-аналармен кеңесу ұзақтығы 30 минутқа дейін.

3. Психологиялық-педагогикалық кеңес қызметінің құжаттамасы

- Білім беру ұйымы мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункттің жылдық жұмыс жоспарын жасайды.
- Білім беру ұйымы консультациялық пункттің жұмыс кестесін жасайды